



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYǴY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYǴYNA ARNALǴAN ALTYN SARIN OQYLARY
**«Bilim berý praktıkasy sapasyn
joǵarylatýdyń ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensiasynyń

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

- использовать в преподавании новые технологии, активные формы и методы обучения, эвристический и индивидуальный тип обучения, ориентированный на самостоятельность, самостоятельную работу обучающихся;

- применять современные формы и методы контроля и оценки знаний обучающихся, в том числе тестирование и рейтинг.

Если рассматривать естественные, специальные и технические науки, то необходимо:

- изменять содержание и направленность этих наук в плане гуманитаризации и гуманизации, сделать их «человечными», выделять и освещать в их содержании культурологические, социально-гуманитарные, философские, мировоззренческие, эргономические, инженерно-психологические и экологические аспекты;

- индивидуализировать образовательный процесс, использовать личностно-ориентированную технологию, активные формы и методы обучения, культурологический, социотехнический анализ технико-производственных ситуаций, развивать у обучающихся их творческий потенциал, формировать у них способность к моральному выбору при решении технико-технологических и инженерных задач;

- добиваться того, чтобы обучающиеся в своих курсовых и дипломных работах обязательно освещали их социально-гуманитарные, инженерно-психологические, эргономические и экологические аспекты;

- организовать и осуществлять производственную практику обучающихся таким образом, чтобы в отчетах о ней обязательно присутствовали социально-гуманитарные и экологические аспекты производства, научно-технического прогресса и инженерной деятельности;

- преподавателям постоянно повышать свой общий культурный уровень, осваивать гуманитарную культуру и её ценности, освобождаясь от сциентистского и технократического мышления, используя для этого различные формы повышения квалификации, гуманитарное самообразование и самовоспитание.

Список литературы:

1. Барбур И. Этика в век технологии.- М., 2001.
2. Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Синергетика как новое мировоззрение: диалог с И. Пригожиным // Вопр. филос. -1992.- №12.
3. Краткий словарь по социологии. - М., 1988.
4. Краткий словарь по философии. - М., 1979.
5. Краткий философский словарь.- М., 2001.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Молдахметов Нурсултан Бауыржанович,
Ө. Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі,
Жолдыбек Гульжихан Жолдыбекқызы
Ө. Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада қазіргі білім беруде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданудың маңыздылығы жайында айтылған. Мақаланың мақсаты оқырмандарды оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларымен таныстыру.

Аннотация

Актуальность. Цель. В статье говорится о важности применения инновационных технологий и методов, применяемых в современном образовании. Целью статьи является ознакомление читателей с новыми методиками и технологиями обучения.

Abstract

Relevance. Goal. The article deals with the importance of the use of innovative technologies and methods used in modern education. The purpose of the article is to familiarize readers with new methods and technologies of teaching.

Түйінді сөздер: білім беру, жаңа оқыту технологиясы, Елбасыжолдауы, жаңа педагогикалық технологиялар, жаңа әдіс, инновациялық әдістер.

Ключевые слова: образования, новые технологии обучения, послание главы государства, новые педагогические технологии, новые подходы, инновационные методы.

Keywords: education, new learning technologies, the President's address, new pedagogical technologies, new approaches, innovative methods.

XXI ғасыр табалдырығында тұрған адамзат өркениеті өз дамуының жаңа кезеңіне – білім беру үрдісінің ең маңызды факторларының біріне саналатын кезеңге келіп жетті.

Қазақстанда білім саласында білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде. Ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзіктендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Бұл педагогикалық үрдістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқушы мен оқытушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадимасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қойып отыр.

Педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларының пайда болуы.

Білім мазмұнының жаңаруы осы мамандардың кәсіби біліктілігі деңгейіне қойылатын талаптардан айқындалады.

Біз қадам басқан XXI ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенін ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлес қоса алатын азамат тәрбелеуді талап етеді [1].

Елбасы өзінің Жолдауында әдеттегідей әлеуметтік салаға зор назар аударады. Жолдаудың басты мақсаты – дамыған 30 елдің қатарына кіру. Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жүзеге асырылуы тиіс 10 міндет айқындалғанын атап өтті. Жолдаудағы заманауи білім беру жүйесінің мақсаты – бәсеке қабілетті, жан-жақты, бірнеше тілді білетін маман даярлау.

Президент барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігін айтады. «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегінде қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет», дейді Елбасы. Орта білім саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, бұл 2021 жылы аяқталатын болады. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар [2].

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Бүгінгі мақсат — әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. Ш. Таубаева мен Қ. Құдайбергенованың берген анықтамасына сүйенсек «инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсат дегеніміз не? Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже — жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі — жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сөл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғатын боламыз.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын ділгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады: I кезең — оқып үйрену; II кезең — меңгеру; III кезең — өмірге ендіру; IV кезең — дамыту [3].

Оған мысал Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 2020 жылға арналған даму стратегиясындағы ДББҰ басшылыққа алатын негізгі қағидаларының бірі инновациялық екендігін «жаңа әдістер мен технологияларды» пайдалануға ұдайы ұмтылыс жаңа білім мен ақпаратты қолдануға дайын болу. Сондықтан да Назарбаев Зияткерлік мектептері Кіріктірілген білім беру бағдарламасын негізге алады. Ал ол мұғалімдерге Кіріктірілген білім беру бағдарламасына сай төрт тілдік дағдыны басшылыққа ала отырып, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, дарындылығын арттыру, ақпараттық сауаттылығын арттыру, бағалау жүйесін түрлендіру сияқты зор міндеттер қояды. Сондықтан да қойылған талапты дұрыс түсініп, талапқа қол жеткізуде түрлі амал-

тәсілдерді қолданамыз. Сабақ барысында оқушының жаңа ақпараттарды өз бетінше іздеуге бейімдігін қалыптастыратын, жинақтаған мәліметтерін жүйелеп, бағдарламаларға сәйкес тұжырымдар жасап, шешім қабылдай алатын деңгейде жеткізетін әдістердің рөлі артып отыр. Әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыларға белгілі бір білімдер жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оларды оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқи білуге үйрету. Жақсы ойластырған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері – олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетін ояту жатыр. Әдісті таңдауда жаңашыл әдістерді таңдауға басымдық беріп, заманауи әдістерді қолдануға баса назар аудару қажет. Оның бір түрі болжау әдісі. Ол оқышулардың қызығушылығын ояту мен назар аударуда маңызды болып саналады және олар әр түрлі құралдардағы негізгі ойды болжап, тақырыпты ашады.

Өзге ұлт өкілдеріне, яғни, екінші тілді меңгеруге «диалогтік оқыту» маңызды рөл атқарады. Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білімін деңгейінің өсуіне үлес қосады. Диалогтік оқытуда оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып жүргізілген жұмыс балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер етеді. Сұрақ дұрыс қойылған жағдайда, оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Сонымен бірге сабақтарда «Ойлан-жұптас бөліс» әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс бойынша оқушылар жеке ойланады, жұпта талқылайды, топ болып шешімге келеді, сыныпқа жариялайды. Оқушыларға «Карусель» деп аталатын мынадай жұмыс түрі қатты ұнайды. Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина – бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақина – бұлар әрбір 30 секунд сайын ауысып тұрады. Осылайша, олар бірнеше минутта бірнеше тақырыпты айтып шығады және әрқайсысы өзінің дұрыстығына әңгімелесушінің көзін жеткізуге тырысады.

«Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» - деп тілші ғалым А. Байтұрсынұлы атап өткендей, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – мұғалімнің еліміздегі жүргізіліп жатқан білім беру саясатындағы және әлемдік білім кеңістігінде оқытудың заманауи құралдарын өз тәжірибесінде ықпалдастыру арқылы оқыту сапасын арттыруға үлесін қосуы болып отыр. Сонымен, оқыту әдісі – мақсатқа жетудің саналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кукенбаев С.Д. Қазіргі білім беруді ізгілендіру // Средняя школа Казахстана / Қазақстан орта мектебі. – 2018. - № 1-2. – Б. 7-9.
2. Келешектің кепілі: [Елбасы Жолдауы] / Қуан Қамалхан // Егемен Қазақстан. - 2018. – 23 қаңтар. – Б. 5.
3. Смағұл Манаргүл М. Маметова атындағы № 26 Орта мектебінің мұғалімі. «Заманауи білім берудегі өзекті мәселелер» // Дар учителя Международный образовательный сайт.
4. Қазіргі білім беру үдерісіндегі заманауи оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері / Арыстамбекова ДК // Открытая школа. – 2016. - № 5. – Б. 14-15.

СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

СЕКЦИЯ 3. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Матушевич Л. В., Мендыбаева Ш. Ж., Нерубайская Г. Д., Образование в условиях развития технических средств.....</i>	3
<i>Молдахметов Н. Б., Жолдыбек Г. Ж., Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.....</i>	7
<i>Мурзагалиева А. Е., Исследовательская деятельность учителя как способ профессионального развития.....</i>	11
<i>Мухтангалиева М. К., Куржумбаева Г. С., Косназарова А. Р., Жаңартылған білім беру аясында қолданатын тәсілдердің тиімділігі.....</i>	14
<i>Мұхтарұлы Е., Худайбергенов Н. М., Химия сабағында ғылыми-зерттеу әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.....</i>	19
<i>Міркемел А.М., Қазақ тілі сабақтарында кембридждік оқыту бағдарламасы модульдерінің ықпалдасуы мен тиімді жүзеге асуы.....</i>	22
<i>Мырзалиева Ж. Б., Ахмедина А. Қ., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	26
<i>Наженова М. А., Акбарова Р. Г., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....</i>	29
<i>Назарова Г. К., Байдешов Д. Б., Булекова А. Е., Қазіргі білімнің дамуы – болашақтың қайнар көзі.....</i>	32
<i>Нугуманова К.А., Stem-образование как платформа современной интеллектуальной техносферы.....</i>	35
<i>Нурахметова К. М., Повышение рефлексивной культуры учителя – залог улучшения практики преподавания.....</i>	40
<i>Нургажанова Р. С., Абусагитова А. С., Касенова А. А., Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....</i>	45
<i>Тыңғазы А. Е., Нургазина А. У., Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.....</i>	50
<i>Нурсултанова К. А., Кинжекеева Г. М., Оқытуда Clil әдісінің қолдану ерекшеліктері.....</i>	53
<i>Нурушева Г. К., Петренко О. Е., Применение интерактивных методов обучения на уроках истории Казахстана.....</i>	56
<i>Олейник Т. Ю., Использование технологии развития критического мышления и исследовательской деятельности на уроках в начальных классах.....</i>	60
<i>Олейникова Н. В., Шевко И. А., Мелихова Л. Б., Применение инновационных технологий и методов в практике современного учителя.....</i>	65
<i>Омарова С. К., Боканова А. А., Мәтінмен жұмыс жүргізу жолдары.....</i>	68
<i>Рахимова А. А., Психологические особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе.....</i>	71
<i>Рахимова Э. Е., Елеусизова Г. Д., Кіріктірілген сабақтардың оқушыларда көптілділік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....</i>	75